

## Қазақстан Республикасында шөлейттенуге қарсы күрес жөніндегі 2005-2015 жылдарға арналған бағдарлама туралы

### *Күші жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 24 қаңтардағы N 49 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 19 ақпандағы N 162 Қаулысымен

**Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.02.19. N 162 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 3 ақпандағы N 131 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2004-2006 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының 28-тармағын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында шөлейттенуге қарсы күрес жөніндегі 2005-2015 жылдарға арналған бағдарлама (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар:

1) Бағдарламада белгіленген іс-шаралардың тиесілі әрі уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін;

2) жылына бір рет 20 қаңтарға Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігіне Бағдарлама іс-шараларының орындалу барысы туралы ақпарат ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі жыл сайын 20 ақпанға Қазақстан Республикасының Үкіметіне Бағдарлама іс-шараларының орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат ұсынсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А.С. Есімовке жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 5

ж ы л ғ ы

2 4

қ а ң т а р д а ғ ы

N

4 9

Қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ШӨЛЕЙТТЕНУГЕ ҚАРСЫ КҮРЕС ЖӨНІНДЕГІ 2005-2015 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН БАҒДАРЛАМА

Астана, 2005

## 1. Бағдарламаның паспорты

Атауы	Қазақстан Республикасында шөлейттенуге қарсы күрес жөніндегі 2005-2015 жылдарға арналған бағдарлама
Әзірлеу үшін негіздеме	"Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2004-2006 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 3 ақпандағы N 131 қаулысы (28-тармақ)
Негізгі әзірлеуші	Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі
Мақсаты	Қазақстан Республикасының аумағындағы шөлейттену процесін тоқтата тұру және болдырмау.
Міндеттер	Бірінші кезеңде (2005 - 2007 жылдар): жұтаған жерлерді түгендеу және бағалау; шөлейттенуге қарсы күрес проблемалары бойынша шешімдерді қабылдау процесіне халықтың барлық топтарының қатысуын қамтамасыз ету және х а б а р д а р е т у ; жерлерді қалпына келтіру немесе олардың жұтауының алдын алу жөніндегі пилоттық жобаларды әзірлеу және іске асыру; екінші кезеңде (2008-2010 жылдар): ресурстық базаны сақтауды және қалпына келтіруді қамтамасыз ететін тұрақты жер пайдаланудың нормативтік талаптары мен экономикалық тетіктерін әзірлеу және енгізу; халықаралық экологиялық конвенцияларды тұтастырылған іске асыруды қамтамасыз ету; шөлейттену және құрғақшылықтың теріс әсер ету процесінің көлемдерін қысқарту және дамуының

алдын алу ;  
үшінші кезеңде (2011-2015 жылдар):  
мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік  
дамуында шөлейттенуге қарсы күрес жөніндегі  
шаралардың ықпалдасуы;  
жерлердің шөлейттену процестерін тоқтата тұру  
және алдын алу және олардың қолайлы және тұрақты  
жай-күйін қолдау.

Қаржыландыру  
көздері

Барлығы 2005-2007 жылдарға - 3135,85  
млн.теңге, оның ішінде:  
республикалық бюджеттен 122,2 млн.теңге:  
2005 жыл - 34,31 млн. теңге;  
2006 жыл - 40,73 млн. теңге;  
2007 жыл - 47,16 млн. теңге.

Халықаралық гранттар 3013,65 млн. теңге:  
2005 жыл - 826,675 млн. теңге;  
2006 жыл - 1133,975 млн. теңге;  
2007 жыл - 1053 млн. теңге.

Барлық көздер бойынша қаржыландыру көлемі  
тиісті жылға бюджетті қалыптастыру кезінде  
нақтыланатын болады.

Бағдарламаны іске асырудың одан кейінгі  
кезеңдерін қаржыландырудың көлемі тиісті жылға  
іс-шаралар жоспарын дайындау кезінде айқындалатын  
болады.

Күтілетін  
нәтижелер

Бірінші кезеңде (2005-2007 жылдар):  
шөлейттенуге ұшыраған жерлерге түгендеу және  
жай-күйіне бағалау жүргізілетін;  
жерлерді қалпына келтіру немесе олардың  
жұтауының алдын алу жөніндегі пилоттық жобалар  
іске асырылатын;

шөлейттенуге қарсы күрес проблемалары  
бойынша шешімдерді қабылдау процесінде халықтың  
барлық топтарының қатысуын қамтамасыз ету және  
ақпараттандыру бойынша жұмыс жүргізілетін болады.

Екінші кезеңде (2008-2010 жылдар):  
жерлердің шөлейттенуі және жұтауының алдын  
алу жөніндегі іс-шаралар іске асырылатын;  
тұрақты жер пайдаланудың нормативтік

талаптары мен экономикалық тетіктері әзірленетін

б о л а д ы .

Үшінші кезеңде (2011-2015 жылдар):  
жерлердің шөлейттену процесі тоқтатыла  
тұратын және оның алдын алынатын әрі олардың  
қолайлы және тұрақты жай-күйін сақтау үшін жағдай  
жасалатын болады.

Іске асыру мерзімі	2005-2015 жылдар
	1 кезең - 2005-2007 жылдар
	2 кезең - 2008-2010 жылдар
	3 кезең - 2011-2015 жылдар

## 2. Кіріспе

Қазақстан Республикасындағы шөлейттенуге қарсы күрес жөніндегі 2005-2015 жылдарға арналған бағдарлама (бұдан әрі - Бағдарлама) Шөлейттенуге қарсы күрес жөніндегі конвенция бойынша Қазақстанның өзіне қабылдаған міндеттері шеңберінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 3 ақпандағы N 131 қаулысымен бекітілген, 2004-2015 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының Экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2004-2006 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының 28-тармағын орындау мақсатында әзірленді.

Шөлейттену - жаһандық экологиялық және әлеуметтік-экономикалық проблеманың айқын көрінісін білдіреді. ХХІ ғасырда, Жер халқы санының ұлғаймалы өсуі, өнімді ауыл шаруашылығы жерлерінің көлемдерін іс жүзінде толық игеру және қоршаған ортаға техногендік жүктеменің өте зор ұлғаюы аясында шөлейттену көптеген елдер үшін табысты әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі қатері болуы мүмкін.

Сондықтан, Біріккен Ұлттар Ұйымы (бұдан әрі - БҰҰ) 1994 жылғы 17 маусымда Париж қаласында (Франция) "Біріккен Ұлттар Ұйымының Шөлейттенуге қарсы күрес жөніндегі конвенциясын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 17 шілдедегі Заңымен бекітілген Шөлейттенуге қарсы күрес жөніндегі конвенция қабылданды және қол қою үшін ашық.

Аумағының көп бөлігі жеткіліксіз ылғалдану аумағында орналасқан Қазақстан үшін шөлейттену проблемасы өте көкейкесті болып табылады. Қазіргі уақытта, елдің үштен екісі шөлейттену процесінің әртүрлі деңгейіне ұшыраған.

Бағдарлама шөлейттенудің негізгі себептерімен күресті ұйымдастыру және

оның салдарларын жою жөніндегі негізгі құжат болып табылады. Онда бірінші кезекті және превентивтік іс-шаралардың кешенін қамтитын іс-әрекеттердің себептері мен басымды бағыттарына терең талдау жасалған.

### **3. Проблеманың қазіргі жай-күйін талдау**

Біріккен Ұлттар Ұйымының Шөлейттенуге қарсы күрес жөніндегі конвенциясының (бұдан әрі - Шөлейттенуге қарсы күрес жөніндегі конвенция) айқындауына сәйкес - шөлейттену "климаттың өзгеруі мен адам қызметін қоса алғанда, әр түрлі факторлардың іс-әрекеті нәтижесінде құрғақ, жартылай құрғақ және қуаңшылық субгумидтік аудандардағы жерлердің жұтауы".

Табиғи және антропогендік факторлар Қазақстандағы шөлейттенудің себептері болып табылады.

Қазақстандағы шөлейттену процесінің дамуына ықпал ететін негізгі табиғи фактор құмдардың (30 млн.га-ға дейін) және сортаңданған жерлердің (127 млн. га) кең таралуына алып келетін климаттың құрлықтылығын және құрғақшылығын, су ресурстарының кедейлігі мен бөлуінің біркелкілігін айқындайтын елдің ішкі құрлықтық жағдайы болып табылады. Жерлердің жұтау процестерін дамыту үшін жағдай, құрғақшылықтың әсері кезінде топырақ құраудың маусымдық ерекшеліктерін бұзу кезінде жасалады. Сондай-ақ топырақ-өсімдік жамылғысының әлсіз жинақылығы және оның серпінділігі шөлейттенудің алғы шарты болып табылады. Қазақстанның бұл табиғи ерекшеліктері антропогендік әсер етулерге табиғи ортаның әлсіз тұрақтылығымен белгілі (қолда бар деректер бойынша елдің шамамен 75% аумағы экологиялық тұрақсыздандырудың жоғары қатеріне ұшыраған).

Қазақстандағы шөлейттену процестерінің туындауына және дамуына алып келетін антропогендік факторлар, ең алдымен шаруашылық қызметінің мынадай түрлерімен байланысты: малды жаю; егін шаруашылығы; жер қойнауын әзірлеу; өнеркәсіптік, әскери және азаматтық объектілерді, суландыру және желілік құрылғыларды салу және пайдалануға беру. Шөлейттену сондай-ақ, орманды жоспарсыз жаппай кесудің, мал азығы мен отынға бұталар мен жартылай бұталарды шабудың, орман және дала өрттерінің, жүйесіз рекреацияның, елді мекендер аумағында қоқыстарды ұйымдастырудың, топырақтардың және улы заттармен жер асты суларының ластануының, көліктің әсер етуінің нәтижесі болып табылады.

Шөлейттенуге қарсы күрес жөніндегі конвенцияда қабылданған өлшемдеріне сәйкес айқындалған Қазақстанда шөлейттенудің басты тұрпаты мыналар болып табылды: өсімдіктердің жұтауы; топырақтың сулы және желді эрозиясы; топырақтың сортаңдануы және қарашірінсізденуі; топырақтың, грунт және

жерасты суларының химиялық ластануы; жердің және гидрологиялық режимнің  
техногендік бұзылуы.

Өсімдік жамылғысының жұтауы - бұл ормандардың, жайылымдық жерлер мен шабындықтардың жұтауы түрінде көрініс беретін шөлейттенудің ең көп тараған және сырттай айқындалатын процесі.

Республиканың есептік ормандылығы орман жамылғыларына сексеуілді орманжайылымдарын және бұталар тоғайын қоса алған кезде 4,6%-ды құрайды, орман құрамына тек ағаштарды қоса алған кезде нақты ормандылық 2,3%-ды құрайды.

Соңғы он жыл ішінде орманжайылымының жұтауына 0,52-ден 0,47 дейін, яғни 10%-ға кеміген, олардың тығыздылығының төмендегенін көрсетеді. Ормандылықтың төмендеуі және жасанды орман өсіру көлемінің қысқаруы Қызылқұм, Мойынқұм, Сарыесік - Атырау және басқа да массивтердің басым шөлейт бөлігінде жайылымдардың азуы мен жұтауының өсуіне алапатты қауіп төндіреді.

Соңғы 40 жылдың ішінде қылқан жапырақты ормандардың өнімділігі 7% кеміген, майқарағай ағаштарының ауданы 13% кеміген, Кенді және Оңтүстік Алтай ормандарында ағаштардың жұтауы неғұрлым байқалады. Жоңғар және Іле Алатауында өсетін алма ормандарының ауданы 24% қысқарды.

Шөлді өзендердің алабындағы ормандар өте қатты жұтауда. Осы ормандардағы өзен ағыстарын реттеу нәтижесінде топырақ ылғалдылығы кемігендіктен түрлердің қажетсіз өзгеруіне әкеліп соғуда. Мысалы, Оңтүстік Қазақстан облысының Шардара ауданындағы Сырдария өзенінің алабында тұранға ағашының шамамен үштен бір бөлігі шыңғылдың қажетсіз бұталарына айналды.

Жайылымдар мен шабындықтардың жұтауы. Тың жерлерді жаппай жырту Қазақстанның дала экожүйесіне неғұрлым кері және кешенді әсерін тигізді.

Жайылымдықтарды жыртқан сайын, малды өнімділігі төмен жерге ығыстырған, сонымен бірге мал басын көбейту салдарынан қалған тың жай-күйіндегі жайылымдардың жүктемесі ұлғайды. Құнарлы жерлердің басым бөлігін жырту, көл маңы етегі және қазаншұңқырларының ылғалды сор шалғындарын қоса алғанда малды өнімділігі аз, кәрізденбеген, сортаң аумаққа ығыстырды және жинақтады.

Барынша жұтауға, ауылды жерлерге, шалғайдағы малшаруашылығына, сиыр сауу құрылымдарына және құдықтарға іргелес жайылымдар ұшыраған.

Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігінің деректері бойынша 2004 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша 188,9 млн. га-дан соңғы дәрежелі жұтауға 26,6 млн. га жеткен, ол күшті және өте күшті шөлейттенгенін көрсетеді. Республиканың орманды-дала және дала

аймақтарында жерлерінің 34,8 млн. га жерін жайылымдар құрайды, оның 5,6 млн . га өте қатты жұтаған. Жайылымдардың жұтау процесінің өсу үрдісі байқалуда.

Қазақстанның 5,0 млн. га ауданында шабындықтар бар. Шөлейттену салдарынан шабындықтардың ауданы қысқаруда, оларды улы өсімдіктердің басуы, бұталардың көбеюінде, шалғындық өсімдіктердің ресурстық қана емес, сонымен қатар, суды реттейтін рөлі де толық немесе жартылай жойылуында к ө р і н і с б е р е д і .

Топырақтың жел және су эрозиясы. Қазақстанда топырақтың жел эрозиясымен туындаған шөлейттену далалы, құрғақ далалы, жартылай шөлейтті және шөлейтті ландшафтарды қамтыған. Жел эрозиясының әсерінен топырақтың жұқа бөлшектерінің ұшып кетуі және топырақтың құмдануы болады. Егістік жерлердің желмен үрленген қабатында қарашіріннің құрамы азаяды, сіңіріп алу көлемі қысқарады, карбонаттылығы көбейеді, агрохимикалық және сулы-физикалық қасиеттері нашарлайды.

Бүгінгі таңда Қазақстанда егістік жерлерде дефляцияның зияндығының әлсіздігіне оның қысқаруына байланысты болжау жасауға болады. Алайда, республикамыздың қуаңшылық аймақтарында, әсіресе қатты жұтаған жайылымдарда жер эрозиясының күшею қауіптілігі бар.

Суармалы жерлерді кеңейту жөніндегі бағдарламаны іске асыру барысында суландыруға сорғытылмаған және тұздалған топырақтардың ауқымды алқаптары тартылды. Көлемді суландырудағы өңірлердің су және экологиялық проблемаларының басты себебі болып жетіспеушілік емес, осындай табиғи жағдайдағы басқа елдерде судың үлестік шығыстарынан орташа алғанда, бір табан жоғары тұратын, суды үнемсіз пайдалану болып қалуда. Бұл суды тасымалдаудың қарабайыр технологияларымен, экономикалық ынталандырудың және оны үнемдеу дәстүрінің болмауымен белгіленеді.

Зор сүзгі шығындары мен суғарудың үнемсіз емес нормалары қайталама тұздандудың, батпақтанудың және су эрозиясының негізгі себебіне айналды, ал кәрізді сулардың төгіндісі өзендердің тыңайтқыштармен, пестицидтермен ластануына және жоғары минералдануына алып келді. Алапаттың салдары Әмудария, Сырдария және Іле өзендерінің ластануы мен су балансының бұзылуына әкелді. Олардың ықпалы Балқаш және Арал өңірінің экологиялық және экономикалық проблемалар кешеніне де әсерін тигізді.

Арал өңіріндегі экологиялық шиеленіс осы ғасырдың ең қайғылы оқиғаларының бірі болып табылады. Шөл орталығында орналасқан теңіз қоршаған өңірлердің табиғи-климаттық және экологиялық жағдайына қолайлы әсер еткен және Арал өңірінің кең аумағында ылғалдылықтың реттеушісі, оңтүстік шөлдерден келетін аңызак желдерден қорғаушы болды. Теңіз жоғары биологиялық өнімділікке ие болды, маңызды балық шаруашылығы, аң

шаруашылығы, көлік және рекреациялық мәні болды.

Әмудария мен Сырдария өзендерінің су ресурстарын суғаруға экстенсивті пайдалану нәтижесінде теңіз екі су қоймасына - Үлкен және Кіші Аралға бөлінді. Өзендердің күзгі жайылуы қысқарды, тоғай және қамыс тез майды, фауна мен флораға бай көптеген теңіз маңы көлдері құрғап қалды, құмды шөлдердің шекарасы кеңейді, климаттың құрғақшылығы күшейді, ауаның ылғалдылығы 10-18% азайды, аязсыз кезеңнің ұзақтығы 30-35 күнге қысқарды. Сортаңдану және батпақтану нәтижесінде ғана Сырдария өзенінің бассейнінде жыл сайын ауыл шаруашылығы айналымынан суғарылатын жерлердің 10-15% шығады. Жайылымдардың өнімділігі 2-3 есе азайды және ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігі қысқарды.

Арал қасіретінің әлеуметтік, экономикалық және экологиялық салдарлары зор. Арал өңірі аудандарында төтенше санитарлық-эпидемиологиялық жағдай қалыптасты және мұнда соңғы 15-20 жылда жұқпалы аурулар, әсіресе, іш сүзегі, туберкулез, вирусты гепатит, сондай-ақ онкологиялық аурулар ұлғайды.

Осындай проблемалар Балқаш маңы өңірінде де туындауы мүмкін.

Гидрографиялық желіні жаппай реттеудің төтенше теріс салдары болды. Малды суару және жеткіліксіз гидрологиялық негіздерсіз суғарылатын жайылымдарда дақылдарды суғару мақсаты үшін өзен қазаншұңқырлары мен шағын өзендердің сағаларында жайылмалы ағыстың біраз бөлігіне кедергі келтіретін көптеген бөгендер, тоғандар, апандар салынды. Резервтегі судың біраз бөлігі ұтымды пайдаланылды, қалғаны - сүзгі және жерасты ағысына ағу салдарынан жоғалды. Көптеген көлдер кеуіп қалды, қалғандарында - олардың шаруашылық-ауыз су, балық шаруашылығы және рекреациялық маңызы құнсызданып, судың минералдануы біраз артты. Жерүсті ағысының біраз бөлігін жоғалтқан көлдер мен шағын өзендерде судың өзін өзі тазарту процесі әлсіреді және коммуналдық және өнеркәсіптік ластаушылардың шоғырлануы өсті.

Ретке келтірілген өзендерде қарқынды су жайылуларының қысқаруы жайылма экожүйелердің жұтауына: жайылма топырақтарының сортаңдануына, құнарлы шабындықтардың өнімділігінің жоғалуына, тоғай ормандарының қысқартуына алып келді.

Топырақтың дегумификациялануы және сортаңдануы. Барлық жайылымдық жерлер мен жайылымдарда дегумификация процесі тіркелген. Қарашіріндінің азаюы егінді неліктен шығару жолымен қоректі заттарды қалпына келтірілмейтін шығарылуымен байланысты. Суғарылатын топырақта қарашіріндіні жоғалту өзен атырауларында ағысты реттеу және қоршаған аумақтардың шөлейттенуі, сондай-ақ ирригациялық эрозия нәтижесінде болуда.

Суармалы емес жайылымның жалпы аумағынан дегумификация есебінен әлсіз деңгейінде - 4,5, орташа - 5,2 және жоғары деңгейінде 1,5 млн. га



шөлейттенген. Суармалы жерлердің қарашірінсіздену үлесі 0,7 млн. га-ны құрайды.

Алдын ала мелиоративтік іс-шараларсыз ауылшаруашылығы дақылдарын себуге арналған қолайлы жер көлемі 23,3 млн. га-ны құрайды. Қалған жерлер арнайы іс-шараларды талап етеді: сортаңданған жерлердің мелиорациясы, сортаңданған жерлердің мелиоративті жай-күйін жақсарту, су және жел эрозияларының алдын алу. Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігінің деректері бойынша сортаңданған және сортаң жерлер 94,9 млн. га-ны - 42,1% құрайды. Топырақ эрозиясы 30,5 млн. га-ны - 13,0% қамтиды.

Шөлейттенудің факторы ретіндегі суармалы топырақтың сортаңдануы проблеманың екі үлкен аспектісіне ие: ағынсыз бассейндерде сортаң шөлдердің өсуі және суармалы жерлердің қайталама сортаңдануы. Сортаңданған топырақтардағы шөлейттенудің ерекшелігі олардың аймақтық және құрылымдық әртүрлілігімен байланысты. Сортаңданған топырақтың үлесі барлық суармалы жерлер аумағының шамамен 20 % құрайды. Суарылмалы егін шаруашылығындағы қалыптасқан жағдай өсімдік өнімінің жиынтық өнімін 1,6-1,8 есеге азайтты.

Көлдер мен басқа да су қоймаларының құрғап қалуы кезіндегі топырақтың сортаңдануы да Қазақстанның ерекшелігі болып табылады. Суландыруды тоқтату немесе жедел азайту грунт суларының төмен түсу деңгейінің артуына топырақ құраудың гидрологиялық режимінің өзгеруіне, топырақтың құрғауына және шөлейттенуіне алып келеді.

Топырақтың және грунт суларының ластануы. Соңғы екі онжылдықта ауыл шаруашылығы жерлерін химиялық өңдеуден арнайы заттармен топырақтың химиялық ластануы, өндірістік қалдықтарды орналастыру, сарқынды суларды, атмосфералық төгінділерді қалалар мен өнеркәсіп орталықтарына төгу қауіптілігі қатты өсті. Топырақты мал шаруашылығы кешендерінің сарқындылары да ластанды.

Жер асты суларының ластануы Қазақстанда өте кең таралған және оның әсер етуі салдарынан мынадай фактор ретінде қаралады: жерлердің шөлейттенуі, топырақтың, өсімдіктердің қайталама сортаңдануы, ауыз сумен жабдықтау жағдайының нашарлауы. Пайдалы қазбаларды өндірудің және ұқсатудың кәсіпорындары, химиялық және улы қалдықтары бар басқа да өндірістер, мал шаруашылығы кешендері, қала агломерациялары және т.б. неғұрлым үлкен ластануды құрайды.

Техногендік шөлейттену. Қазақстандағы индустриалдық өндірісті дамыту және пайдалы қазбалар кен орындарын әзірлеу көлік және инженерлік инфрақұрылымды салумен, су және жер ресурстарының жедел алынуымен және ластануымен, экожүйелерге тікелей және жанама теріс әсер етумен сүйемелденді

. Осы әсер етудің түрлерімен қатар, техногендік шөлейттену процестеріне әуе бассейніне улы заттардың шығарындылары біраз әсер етті, тіптен, өсімдіктерге улы өнеркәсіптік шығарындылардың тікелей әсер ету жағдайы да байқалған.

Автожолдар жүйесі де техногендік әсерін тигізуде. Республикада олардың жалпы қашықтығы шамамен 100 мың км, оның жартысы қатты жамылғымен қамтылған, яғни 1 км аумаққа жалпы пайдаланудағы 0,036 км жол келеді, ал қатты жамылғымен - 0,017 км. Автокөлік үшін жолсыз учаскелердің жалпы қолжетімділігі кезінде олардың өте сирек желісі ретсіз қозғалысқа алып келді, оның нәтижесінде тұрақты емес жолдар шөлейттенудің маңызды факторларының біріне айналды.

Қоршаған ортаға әсер көрсететін желілік инфрақұрылымның өзге түрлерінен теміржолдарды, мұнай және газ құбырларын, жоғары вольтты электржелілерін атап өту қажет.

Техногендік шөлейттенудің ерекше нысандары қазіргі уақытта, республиканың 6% аумағын алып жатқан, ғарыш, әскери және бұрынғы ядролық сынақ полигондарының аумағының шегінде көрініс береді. Бұл ретте, олардың әсер ету аймағы егер, оған зымырандардың ұшу трассасын енгізсе, біраз ұлғаяды. Жерлерді тікелей алып қоюды қоспағанда, полигондардың теріс әсер етуі атмосферада жанбаған зымыран бөлшектерінің фрагменттерінің және басқа да ұшу аппараттары бөлшегінің құлауында, ұшыру орындарында және құлаған бөлшектердің маңында аса улы зымыран отынының төгілулерінде, оттегі жануының зор көлемдерінде және зымыранды ұшыру сәтінде озон қабатының бұзылуында көрініс береді.

Шаруашылық қызметінің нәтижесінде өзендер мен су қоймаларының гидрологиялық режимінің бұзылуы бірқатар қолайсыз салдарлармен ілесе жүрді. Өзендердің көптеген учаскелерінде өзен суларының жайылмаға шығуы азайды немесе толық тоқтады, жер үсті және жер асты суларының гидравликалық байланысы әлсіреді, олардың деңгейі төмендеді. Мұның бәрі жайылмалардың шөлейттенуіне, ағынсыз көлдердің құрғауына және сортаңдануына әсер етті. Сырдария мен Іле сияқты ірі өзендерінің атыраулары шөлейттенуге ұшырады. Бұл өзендердің атырауларында көл жүйелері алып жатқан аумақтар қысқарды, өсімдіктер мен топырақ жұтады, балық қорларын молайтуға арналған жағдай нашарлады, жануарлар әлемінің түрлері өзгерді. Арал теңізі мен Балқаш көлінің экожүйелерінде үлкен теріс өзгерістер болды. Арал мен Балқаш түбінің жалаңаштануы және су деңгейінің төмендеуі салдарынан жел эрозиясына ұшыраған аумақтар көбейді.

Шөлейттенудің негізгі теріс салдарларының бірі болып түрлердің жергілікті популяцияларының толық жойылуы есебінен де және олардың мекен ету ортасы мен санының азаюы есебінен де әрі фитоценоздық белсенділік және

репродукциялық қабілетінің төмендеуінен де болатын биоәртүрліліктің жұтауы  
б о л ы п т а б ы л а д ы .

Шөлейттенуге алып келетін антропогендік факторлардың әсерінен республиканың жануарлар әлемі біраз өзгерістерге ұшырады. Жер үсті және топырақ насекомдарының, өрмекші тәрізділердің, құстардың, сүт қоректілердің және басқа да жануарлардың фаунасы өте қатты зиян шекті. Республиканың солтүстік облыстарындағы аймақтық дала фаунасының шамамен 80% аумағы жойылған. Осындай ұқсас жағдай Тянь-Шаньның далалық белдеуінде және оның тау етегінде де қалыптасқан, онда фитофаг-жәндіктердің көптеген түрлері, өсімдіктерді тозаңдандыратын жабайы аралардың, жыртқыш және паразиттік буын аяқтылардың, ұсақ құстардың, бауырымен жорғалаушылар мен сүт қоректілердің көптеген түрлері жоғалды. Тянь-Шань, Жоңғар Алатауы мен Тарбағатай тауларының бөктерінде, сондай-ақ Тауқұм, Мойынқұм, Сарыесік-Атырау және басқа да шөлдерде малды көп жаюдан жануарлардың көптеген түрлері мекен ету ортасын қысқартты (оның ішінде бірегей түрлері), сандары Қазақстанның "Қызыл кітабына" енуіне үміткерге айналды.

Ірі өнеркәсіптік қалалардың маңындағы, әскери полигондардың аумағындағы және пайдалы қазбаларды өндіру аудандарындағы фаунада үлкен өзгерістер  
б о л д ы .

Шөлейттену процесі өсімдіктердің жұтауына біраз әсер етті.

Солтүстік шөлейттерде қыстақтардың, кенттердің маңында және мал айдайтын трассалар бойында, орта және оңтүстік шөлейттерде артық мал жаюды қоспағанда дербес артық мал жаю байқалуда, өсімдік жамылғысының бұзылуы техногендік әсер етулермен және реттелмейтін жол желісімен байланысты болды .

Көптеген жылдар бойына Қазақстан ормандары қарқынды жұтауға ұшырап келеді. Солтүстік-Батыс Қазақстанда бұл ең алдымен жайылмалы ормандарға, шөлейт аймақтарда сексеуілге ормандарына, таулы аудандарда - қылқан жапырақты ормандарға қатысты болды. Солтүстік Тянь-Шань мен Жоңғар Алатауының таулы ормандардың түрлерінің ауысуы мен шекарасының өзгеруі  
б а й қ а л у д а .

Шабындық өсімдіктерінің шөлейттенуі қарқынды процесінің қатты антропогендік прессін тудырды. Әсіресе Іле, Сырдария және Шу өзендерінің атырауларында және жайылмаларының төменгі бөліктерінде шабындық өсімдіктерінің қатты өзгерістері болды. Мұнда жоғары өнімді қамысты қауымдастықтар толық жұтаған .

Шөлейттену бірқатар экономикалық және әлеуметтік салдарларға алып келді,  
о н ы ң і ш і н д е :

өсімдік өнімдерінің түсімділігі мен жалпы өнімінің азаюы;

мал басының және мал шаруашылығы өнімділігінің азаюы;  
аграрлық саласының экспорттық әлеуетінің азаюы;  
тамақ және жеңіл өнеркәсіптің дамуының тоқтауы;  
аграрлық және ұқсату секторларынан салық қаражаттарының бюджетке  
т ү с у і н і ң ж е д е л а з а ю ы .

Статистикалық деректер аграрлық саланың экономикасындағы теріс үрдістерді көрсетеді. Олар негізінен, ауыр көп деңгейлі реформалаумен және қайта құрылымдаумен белгілі, алайда, шөлейттену процесі республиканың барлық аумағы бойынша ресурстардың өнімділігіне дербес теріс таңба қалдырады, ал дамыған шөлейттену өңірлерінде экономикалық шиеленістің б а с ы м д ы с е б е б і б о л ы п т а б ы л а д ы .

Шаруашылық жүргізудің жаңа нысандарының қалыптаспағандығы, жайылымды мал шаруашылығы жүйесінің бұзылуы, техникалық және қаржы құралдарының жеткіліксіздігі жұмыссыздық пен кедейлікті ұлғайтады.

Теріс әлеуметтік-экономикалық процестер өз кезегінде шөлейттену процесін к ү ш е й т е д і .

Қазақстандағы қазіргі әлеуметтік жағдай мынадай жағдаймен байланысты, шөлді аумақтарда орналасқан облыстардан халықтың жыл сайынғы көшіп кетуі жүздеген мың адамдарға жетеді. Экологиялық теңбе-теңдіктің бұзылуы және мекен ету ортасының жұтауы салдары болып табылатын халықтың төмен тұрмыс деңгейі, тойып тамақтанбау, жеткіліксіз медициналық қызмет көрсету, пайдалануға жарамсыз ауыс су, шаңды және тұзды борандар халық денсаулығы жай-күйінің тез нашарлауына, демографиялық қолайсыздықтың алғы шарты болып табылатын халықтың өсуінің азаюына алып келді.

Шөлейттенуге ұшыраған өңірлерде балалар өлімі өте жоғары деңгейде. Экологиялық-санитарлық қысым балалардың дамуындағы жалпы дамымай қалудың, қан аздығының, туа біткен ауытқушылықтардың, жүйке аурулары, жүрек-қан-тамырлары жетіспеушілігінің негізі болып табылады.

#### **4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері**

Бағдарламаның негізгі мақсаты Қазақстан аумағындағы шөлейттену процесін тоқтата тұру және алдын алу болып табылады.

Қойылған мақсатты іске асыру үшін мынадай міндеттерді шешу көзделеді:  
бірінші кезеңде (2005-2007 жылдар):  
жұтаған жерлерді түгендеу және бағалау;  
шөлейттенуге қарсы күрес проблемалары бойынша шешім қабылдау процесінде халықтың барлық тобын хабарландыру және қатысуын қамтамасыз е т у ;

жерлерді қалпына келтіру не олардың жұтауының алдын алу бойынша үлгілік жобаларды әзірлеу және іске асыру;  
екінші кезеңде (2008-2010 жылдар):

ресурстық базаның сақталуын және қалпына келтіруді қамтамасыз ететін тұрақты жер пайдаланудың нормативтік талаптарын және экономикалық тетіктерін әзірлеу және енгізу;

халықаралық экологиялық конвенцияларды шоғырландырған іске асыруды қамтамасыз ету;

шөлейттену процесінің көлемдерін қысқарту және құрғақшылықтың теріс әсер етуінің алдын алу;

үшінші кезеңде (2011-2015 жылдар):

мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік дамуында шөлейттенуге қарсы күрес бойынша шаралардың ықпалдасуы;

жерлердің шөлейттену процесін тоқтата тұру және алдын алу және олардың оңтайлы және тұрақты жай-күйін қолдау.

## **5. Бағдарламаның негізгі бағыттары және іске асыру тетігі**

Бағдарламаны іске асыру мынадай бағыттарда жүзеге асырылатын болады:  
табиғи ресурстарды тұрақты пайдалану саясатын қалыптастыру;  
табиғи ресурстарды сақтаудың және шөлейттенуге қарсы күрестің әлеуметтік-экономикалық аспектілерін әзірлеу;  
шөлейттенуге қарсы күресті ғылыми және ақпараттық қолдау, насихаттау;  
шөлейттенуге қарсы күрес мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастық және аралас конвенцияларды шоғырландыру;  
жергілікті мемлекеттік органдардың, жер пайдаланушылардың, шаруашылық жүргізуші субъектілердің және мемлекеттік емес ұйымдардың қызметін үйлестіру.

Бағдарламаның мақсатына қол жеткізудің негізгі шарты экология мен экономиканың проблемаларын үйлестіруге негізделген табиғат пайдалануды тиімді басқару жүйесін жетілдіру болып табылады.

Шөлейттенуге қарсы күрес процесінде адам қызметінің мынадай салдарларын жою жөніндегі шараларды қабылдау қажет: топырақтың тозуы, жайылымға қарқынды жүктеме, орманды жаппай кесу және дұрыс емес ирригация әдістері. Сонымен бірге, осы құбылыстың туындауының негізгі әлеуметтік-экономикалық себептері назар аударуды талап етеді.

Қоғамның тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуына қол жеткізудің мемлекеттік стратегиясы елдің шаруашылық және өзге де шешімдерді қабылдау

кезінде экологиялық басымдықтарды ескеру қабілетіне негізделеді. Сондықтан қоршаған ортаны қорғау саласындағы тиімді саясатты жүзеге асыру үшін республикалық, облыстық және жергілікті деңгейлерде табиғат пайдаланудың нормативтік-құқықтық қаржы-экономикалық негіздерінің қазіргі талаптарына сәйкес келетін табиғат қорғау заңнамасының жаңа жүйесін құруды және пайдалануға беруді талап етеді.

Осыған байланысты, шөлейттену мен құрғақшылық процестерінің физикалық, биологиялық және әлеуметтік-экономикалық аспектілерін қамтитын кешенді тәсілді әзірлеу қажет. Атап айтқанда, елдің тұрақты даму саясатына кедейшілікпен күрес, шөлейттенуге қарсы күрес және құрғақшылықтың салдарларын азайту жөніндегі іс-шаралардың ықпалдасуын күшейту қажет.

Бағдарлама ресурстық базаны сақтауды және (немесе) қалпына келтіруді қамтамасыз ететін ресурстарды теңгермелі пайдалану және экономикалық қызметті күшейту жөніндегі басқарудың барлық деңгейінде қолайлы жағдайды жасауға бағытталған.

Бағдарламаны кезең-кезеңмен іске асыру әрбір кезеңге тиісті іс-шаралар жоспарын әзірлеуді көздейді.

## **5.1. Табиғи ресурстарды тұрақты пайдалану саясатын қалыптастыру**

Табиғат ресурстарын тұрақты пайдаланудың саясатын қалыптастыру мынадай іс-шараларын көздейді:

1) бірінші кезеңде (2005-2007 жылдар):

Қарағанды облысы Шет ауданында қуаң жерлерді басқару жөніндегі жобаны іске асыру;

Қазақстан аумағының шөлейттену процестеріне ұшырауын бағалау және шөлейт және жұтаған жерлердің 1:1000000 масштабында карталарын жасау;

Қазақстан Республикасы табиғи-шаруашылық жүйесінің шөлейттенуге қарсы күрестің экологиялық кестесінің ландшафтық қамтамасыз етуін әзірлеу және енгізу;

жұтаған жерлерде биологиялық әралуантүрлілікті зерттеу және бағалау; ауылшаруашылығы пайдалануындағы жерлердің шөлейттену қарқынын төмендету;

жайылымды ұтымды пайдаланудың жүйесін жетілдіру, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан және Алматы облыстарында шөлейттену процестерінің алдын алу мақсатында егілмелі жайылымды жасау;

Қызылорда облысында қайталама тұздалған топырақты қалпына келтіру және суғару жөніндегі пилоттық жобасын әзірлеу және іске асыру;

"Орталық Азияның экоөңірлеріндегі биоәртүрлілікті ұзақ мерзімді сақтау үшін ЭКОНЕТ құру" жобасын іске асыру;

"Қорғалатын аумақтардың буферлік аймақтарындағы жерлерді басқару (Солтүстік Қазақстан)" пилоттық жобасын іске асыру;

Мойынқұм құмының жағдайында жұтауға және шөлейттенуге ұшыраған жайылым аумақтарын қалпына келтіру бойынша технологияларды әзірлеу;

2) екінші кезеңде (2008-2010 жылдар):

жұтаған жайылымдардың ошақтарын табу, таптап тастау аймақтары мен деңгейі бойынша оларды жіктеу, жайылымға паспортты әзірлеу және мал санын және жайылымдық жүктемені реттеу;

жайылымды қорғайтын сексеуіл ормандарын, егілмелі жайылымдарды және пішендерді жасау, жайылым айналымын енгізу;

3) үшінші кезеңде (2011-2015 жылдар):

жер ресурстарын ұтымды пайдаланудың қолданыстағы техникалық нормаларын және ережелерін сақтау;

жер пайдаланулардың агроорманмелиорациясы;

олардың қалпына келу әлеуетіне байланысты жайылымдарды ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету;

жерлердің өнімділігін қалпына келтіру бойынша жаңа технологиялық жобаларды іске асыруға қатысу.

## **5.2. Табиғи ресурстарды сақтаудың және шөлейттенуге қарсы күрестің әлеуметтік-экономикалық аспектілерін әзірлеу**

Табиғи ресурстарды сақтау және шөлейттенуге қарсы күрестің әлеуметтік-экономикалық аспектілерін әзірлеу мынадай іс-шараларды көздейді:

1) бірінші кезеңде (2005-2007 жылдар):

шөлейттену мен кедейліктің экономикалық, саяси және демографиялық факторларын зерттеу; жергілікті деңгейде тұрақты дамудың тетіктерін әзірлеу;

Қазақстанның шөлейт аудандарында фермерлік шаруашылықтарды жүргізудің оазистік жүйелерін құру;

Арал өңіріндегі елді мекендерде шаң-тұзды жауып кету процестерінің алдын алу ;

мемлекеттік емес (RIOD-Қазақстан торабы) ұйымдар үшін шөлейттенуге қарсы күрес бойынша шағын гранттар бағдарламасын іске асыру;

2) екінші кезеңде (2008-2010):

шағын фермерлік шаруашылықтардың қалыптасу процесін қолдау; шөлейттену және жерлердің жұтауы, қоршаған ортаны қорғау мәселелерінде жергілікті қауымдастықтардың хабардар болу деңгейін арттыру;

жерлердің жұтауына қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды қамтитын табиғи ресурстарды басқару, қорғау және молайту бойынша іс-шараларды қаржыландырудың экономикалық тетігін жетілдіру (жерді, суды, орманды және жайылымдарды пайдаланушылар мен меншік иелерінің, сондай-ақ табиғи ресурстарды ластағаны және жұтағаны үшін табиғат пайдаланушылардың барлық ауыл шаруашылығы субъектілерінің экономикалық жауапкершілігін көздеу) ;

жалға алушылардың және меншік иелерінің пайдалануындағы жұтаған ресурстарды оңалту жөніндегі барлық деңгейдегі бюджеттік бағдарламаларға іс-шараларды енгізу ;

қолданыстағы нормативтік-құқықтық кесімдерді жүйелендіру; экологиялық заңнаманың тиімділігін арттыру жөніндегі шараларды айқындау ;

шөлейттенуге қарсы күресті қоса алғанда, қоршаған ортаны қорғаудың әлемдік қауымдастығы таныған қағидаттарын есепке алу кезінде, әлемнің негізгі өнеркәсіпті дамыған мемлекеттерінің заңнамасымен ұқсас экологиялық заңнаманы үйлестіру ;

3) үшінші кезеңде (2011-2015 жылдар):

әлеуметтік-экономикалық, демографиялық, энергетикалық, ақпараттық мәселелерді қамтитын табиғат қорғау іс-шараларын жоспарлау жүйесін жетілдіру ;

шөлейттенуге қарсы күрестің барлық аспектілерін реттеу.

### **5.3. Шөлейттенуге қарсы күресті ғылыми және ақпараттық қолдау, насихаттау**

Шөлейттенуге қарсы күресті ғылыми және ақпараттық қолдау, насихаттау мынадай іс-шараларды іске асыру арқылы жүзеге асырылатын болады:

1) бірінші кезеңде (2005-2007):

тұрақты жер пайдалану үшін қоршаған орта туралы ақпарат мониторингін және басқару жүйесін құру ;

Арал өңірі халқының денсаулығы жай-күйіне шөлейттену процесінің әсер етуін бағалау ;

өзен экожүйесінің атырау және алабы учаскелерінің жұтау және шөлейттену процестерінің жай-күйіне талдау жүргізу және зерттеу;

халықты экологиялық таза өніммен қамтамасыз ету және шөлейттену процестерінің алдын алу үшін ауыл шаруашылығын тұрақты жүргізудің ғылыми әдістерін әзірлеу ;

ғарыш ақпаратын пайдалана отырып, шөлейттену мониторингінің



тұжырымдамалық негізін әзірлеу;  
шөлейттенуге қарсы күрес аспектілері бойынша халықты ақпараттандыруды ұзақ мерзімді кампанияны ұлттық деңгейде жүргізу;

Солтүстік Қазақстан үшін атмосфералық және топырақтың құрғақшылығы мониторингі жүйесін әзірлеу және бидай өндірудің табиғи қатерін бағалау;

2) екінші кезеңде (2008-2010 жылдар):

Мемлекеттік ақпараттық жүйеге (МАЖ) біріккен шөлейттенудің кешенді мониторинг жүйесін құру;

жұтаған табиғи ресурстарды ірі көлемді картографиялық түгендеу; жайылымдарды ұтымды пайдалану бойынша бұрын әзірленген жобаларды түзету және қайта құрылымдау;

фитомелиоративтік қондырғылар және шөлейттенген аумақтарды фитомелиорациялау, егістік айналымынан шығару және өнімділігі аз және жұтаған жерлерді шалшықтың басып кетуі;

отандық өндірісті дамытуға және пестицидтерді формуляциялауға жәрдемдесу;

шөлейттену процестеріне экологиялық моделдеуге, жүйелік талдауға және болжауға, сондай-ақ шөлейттенумен күрестің нақты әдістемелері мен тәсілдерін әзірлеуге ауылшаруашылық, физика-математикалық, химиялық, геологиялық, техникалық ғылым өкілдерін кеңінен қатысуға тарту;

ғылыми-зерттеу институттарының өңірлік және халықаралық ұйымдарымен ынтымақтастықта жүргізілетін шөлейттенуге қарсы күрес және құрғақшылықтың салдарын жеңілдету бойынша техникалық және ғылыми зерттеу жұмыстарының әлеуетін ұлғайту;

оқытылатындардың даму және қызығушылықшылары деңгейлеріне сәйкес келетін оқытатын материалдарды пайдалана отырып, ауыл шаруашылығында жергілікті халықты экология негіздеріне оқыту;

фермерлер мен экономиканың әртүрлі салаларындағы жұмысшылар үшін семинарлар өткізу, университеттердегі тренингтер мен пікірталастар;

шөлейттенуге қарсы күрес мәселелері бойынша халыққа кеңес беру және ақпараттандыру үшін қоғамдық комитеттерді құру;

3) үшінші кезеңде (2011-2015 жылдар):

экологиялық проблемалар бойынша халықтың құлағдар болуын арттыру мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарын күшейту және пайдалану.

Шөлейттену процестері бойынша қоғамдық пікірді жұмылдыру;

құқықтық және нормативтік актілерді әзірлеуге және шөлейттену мәселелері бойынша ақпаратқа халықтың қол жетімділігі;

барлық деңгейдегі білім беру мекемелері үшін оқыту бағдарламалары мен материалдарын әзірлеу;

шөлейттенуді болдырмаудың әдістері және күрес жөніндегі брошюраларды, ақпараттық материалдарды жариялау және тарату.

#### **5.4. Шөлейттенуге қарсы күрес мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастық және аралас конвенцияларды шоғырландыру**

Халықаралық ынтымақтастық дүниежүзілік қауымдастықтан ғылыми-әдістемелік техникалық және қаржылық көмек алу мүмкіндігін ашып береді, сол арқылы шөлденуге қарсы күресті жүргізу процесінің дамуына қосымша тыныс береді.

Халықаралық ынтымақтастықты бекіту мақсатында мынадай іс-шаралар іске асырылатын болады:

1) бірінші кезеңде (2005-2007 жылдар):  
траншекаралық экожүйелердің тепе-теңдік сақтауға бағытталған мемлекетаралық іс-шараларды әзірлеу және жүзеге асыру;

Шөлейттенуге қарсы күрес жөніндегі орталықты құру;  
2) екінші кезең (2008-2010 жылдар):  
шөлейттенуге қарсы күрес бойынша әдістердің және технологиялардың дүниежүзілік тәжірибесін талдау және бейімдеу;

Орталық Азиядағы Шөлейттенуге қарсы күрес жөніндегі іс-қимылдың субөңірлік бағдарламасы, Таулы аумақтарды тұрақты дамыту жөніндегі іс-қимылдардың өңірлік жоспары, Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-қимылдардың өңірлік жоспары шеңберіндегі шөлейттенумен күрес бойынша ынтымақтастықты күшейту;

Азиядағы Тақырыптық бағдарламалық желінің шеңберіндегі өңірлік ынтымақтастық;

Шөлейттенумен күрес жөніндегі конвенция, Биологиялық алуантүрлілік туралы конвенция, Климаттың өзгеру жөніндегі үлгілік конвенция бойынша стандарттарды және өзге де бірлескен деректерді, индикаторларды әзірлеу, ақпаратты жинаудың келісілген есептілігі мен рәсімін, объектілер мен проблемаларды түгендеу әдістемесін құру;

3) үшінші кезеңде (2011-2015 жылдар):  
аралас конвенциялар бойынша үлгілік жобаларды іске асыру, одан кейінгі практикалық, эксперименталдық (әдістемелік) және демонстрациялық (ақпараттық-насихаттық) мақсаттарды іске асыру;

Шөлейттенуге қарсы күрес жөніндегі конвенцияны іске асыру үшін техникалық, сараптамалық және қаржылық қолдау түрінде сыртқы ресурстарды жұмылдыру.

## **5.5. Жергілікті мемлекеттік органдардың, жерді пайдаланушылардың, шаруашылық жүргізуші субъектілердің және үкіметтік емес ұйымдардың қызметін үйлестіру**

Шөлейттенуге қарсы күрес жөніндегі жергілікті мемлекеттік органдардың, жер пайдаланушылардың, шаруашылық жүргізуші субъектілердің және мемлекеттік емес ұйымдардың қызметін үйлестіру мақсатында мынадай іс-шаралар іске асырылатын болады:

1) бірінші кезеңде (2005-2007 жылдар):

Шөлейттенумен күрес жөніндегі конвенцияның мақсаты және рөлі, Бағдарламалардың міндеттері бойынша халықты ақпараттандыруды жүргізу; жергілікті мемлекеттік органдардың, мемлекеттік емес ұйымдардың, табиғат пайдаланушылар мен жұртшылықтың қатысуымен шөлейттенумен күрес бойынша қоғамдық акцияларды, іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу;

Шөлейттенуге қарсы күрес жөніндегі конвенция тарап елдерінің мемлекеттік емес ұйымдарымен отандық мемлекеттік емес ұйымдардың өзара байланысын о р н а т у ғ а ж ә р д е м д е с у ;

шөлейттену процестері туралы ақпарат алуды жүргізу; екінші кезеңге арналған Қазақстан Республикасында шөлейттенумен күрес жөнінде бағдарламаны іске асыру бойынша іс-шаралардың жоспарын әзірлеу; үшінші кезеңге арналған Қазақстан Республикасында шөлейттенумен күрес жөнінде бағдарламаны іске асыру бойынша іс-шаралардың жоспарын әзірлеу;

2) екінші кезеңде (2008-2010 жылдар):

жер ресурстарына залал келтіретін іс-әрекетті уақытша тоқтата тұру не т о қ т а т у ;

жер қорын және ауыл шаруашылық емес жерлердің агроорман мелиорациясы ;

Шөлейттенумен күрес жөніндегі конвенция бойынша шешімдер қабылдау процесінде жұртшылықтың барынша мүмкін болатын қатысуын қамтамасыз ету; мемлекеттік емес ұйымдардың іс-қимылының ұлттық жоспарын әзірлеу және о ны Бағдарламаға біріктіру;

3) үшінші кезеңде (2011-2015):

шөлейттену проблемаларын жалпы білім беретін бағдарламаға біріктіру; жерлердің жұтауы бойынша деректерді жинау және талдау; жергілікті табиғи, элеуметтік-экономикалық ерекшеліктерін ескере отырып шөлейттенудің алдын алу үшін жұтаған аймақтарды айқындау.

## **6. Қажетті ресурстар және оларды қаржыландыру көздері**

Қаржы шығындарын талап ететін Бағдарлама іс-шараларын іске асыру республикалық қаражат және техникалық әрі консультативтік көмек желілері бойынша халықаралық ұйымдар мен донор-елдердің тартылған ресурстары есебінен көзделеді.

Бағдарламаның I кезеңін (2005-2007 жылдар) іске асыру үшін барлығы, 3135,85 млн. теңге талап етіледі, оның ішінде:

республикалық бюджеттен	122,2	млн.теңге:
2005 жыл	- 34,31	млн. теңге;
2006 жыл	- 48,73	млн. теңге;
2007 жыл	- 47,16	млн. теңге.
халықаралық гранттар	3013,65	млн. теңге:
2005 жыл	- 826,675	млн. теңге;
2006 жыл	- 1133,975	млн. теңге;
2007 жыл	- 1053	млн. теңге.

Барлық көздер бойынша қаржыландыру көлемі тиісті жылға бюджетті қалыптастыру кезінде нақтыланатын болады.

Бағдарламаны іске асырудың одан кейінгі кезеңдеріне арналған қаржыландыру көлемдері тиісті жылға іс-шаралар жоспарын әзірлеу кезінде айқындалатын болады.

## **7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер**

Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде:

1) бірінші кезеңде (2005-2007 жылдар):

түгендеу және шөлейттенуге ұшыраған жерлердің жай-күйіне бағалау жүргізілетін;

жерлерді қалпына келтіру не олардың жұтауын болдырмау бойынша үлгілік жобалар іске асырылатын;

шөлейттенумен күрес проблемалары бойынша шешім қабылдау процесінде халықтың барлық топтарын ақпараттандыру және қатысуын қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізілетін болады;

2) екінші кезеңде (2008-2010 жылдар):

тұрақты жер пайдаланудың нормативті талаптары және экономикалық тетіктері әзірленетін;

шөлейттенудің және жұтаған жерлерді болдырмау бойынша іс-шаралар іске асырылатын болады;

3) үшінші кезеңде (2011-2015 жылдар) жерлердің шөлейттену процесі тоқтатыла тұратын және болдырмайтын болады әрі олардың қолайлы және орнықты жай-күйін қолдау үшін жағдай жасалатын болады.

**8. Қазақстан Республикасында шөлейттенуге қарсы күрес жөніндегі 2005-2015 жылдарға арналған бағдарламаны іске асыру бойынша 2005-2007 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары**

**Ескерту. Жоспарға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.09.24. N 831 Қаулысымен.**

Р / с N	Іс-шара	Аяқтау нысаны	Орын- дауға жауап- тылар	Орын- далу мерзімі	Болжамды шығын- дар * (млн. теңге)	Қаржы- лан- дыру көз- дері
1	2	3	4	5	6	7
<b>1. Сауықтыру және қалпына келтіру іс-шараларын жүргізу үшін табиғи ресурстарды тұрақты пайдалану саясатын қалыптастыру</b>						
1.1.	Қарағанды облысының Ш е т ауданындағы қуаң жерлерді басқару жөніндегі жобаны іске асыру	Қорша-ған орта-миніне есеп	Қорша-ған орта-мині, АШМ, БҒМ	қаңтар, жыл сайын	2005 - 34,31 2006 - 33,73 2007 - 39,16 2005 - 131,7 2006 - 167,9 2007 - 140,8	Респуб-ликалық бюджет          Халық-аралық грант-тар
1.2.	Қазақстан аймақтарының шөлейттену процестеріне ұшырауын бағалау және 1:1000000 масштабындағы жерлердің шөлейттену және жұтау картасын жасау	Қорша-ған орта-миніне ақпарат	Қорша-ған орта-мині, БҒМ, АШМ, ЖРБА	қаңтар, жыл сайын	2006 - 2 2007 - 3  2005 - 54 2006 - 54 2007 - 54	Респуб-ликалық бюджет   Халық-аралық грант-тар
1.3.	Қазақстан Республикасының табиғи-шаруашылық жүйесінің шөлейттенуге қарсы күресте экологиялық кестені ландшафттық қамтамасыз етуді	Қорша-ған орта-миніне ақпарат	Қорша-ған орта-мині, АШМ	2007 жылдың қаңтары	2005 - 9,7 2006 - 9,7 2007 - 9,7	Халық-аралық

	әзірлеу және енгізу					грант-тар
1.4.	Жұтаған жерлердегі биологиялық әртүрлілікті зерттеу және бағалау	Қоршаған орта-миніне ақпарат	Қоршаған орта-мині, ЖРБА, АШМ	2007 жылдың қаңтары	2005 - 5 0 2006 - 5 0 2007 - 50	Халық-аралық грант-тар
1.5.	Ауылшаруашылық пайдалануындағы жерлердің шөлейттену қарқынын азайту	Қоршаған орта-миніне ақпарат	Қоршаған орта-мині, АШМ	2007 жылдың қаңтары	2005 - 6 2 2006 - 6 2 2007 - 62	Халық-аралық грант-тар
1.6.	Жайылымдарды ұтымды пайдаланудың жүйесін жетілдіру, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан және Алматы облыстарында шөлейттену процестерінің алдын алу мақсатында егілмелі жайылымдарды құру	Қоршаған орта-миніне ақпарат	Қоршаған орта-мині, АШМ	2007 жылдың қаңтары	2005 - 3 3 2 2006 - 3 3 2 2007 - 332	Халық-аралық грант-тар
1.7.	Қызылорда облысында қайтадан сортаңданған топырақты қайта жөндеу және суғару жөніндегі пилоттық жобаны әзірлеу және іске асыру	Қоршаған орта-миніне ақпарат	Қоршаған орта-мині, АШМ, ЖРБА	2007 жылдың қаңтары	2006 - 1 7 6 2007 - 176	Халық-аралық грант-тар
1.8.	"Орта Азияның экоөңірлерінде биоәртүрлілікті ұзақ мерзімді сақтау үшін ЭКОНЕТ құру" жобасын іске асыру	Қоршаған орта-миніне ақпарат	Қоршаған орта-мині, АШМ	2006 жылдың қаңтары	2005 - 96	Халық-аралық грант-тар
1.9.	"Қорғалатын аймақтардың буферлік аймақтарындағы жерлерді басқару (Солтүстік Қазақстан)" пилоттық жобасын іске асыру	Қоршаған орта-миніне ақпарат	Қоршаған орта-мині, АШМ	2007 жылдың қаңтары	2005 - 20,3 2006 - 20,3	Халық-аралық грант-тар

1.10.	Мойынқұм құмдарының жағдайында жұтаған және шөлейттенуге ұшыраған жайылым аумақтарын қалпына келтіру жөніндегі технологияларды әзірлеу	Қоршаған орта-миніне ақпарат	Қоршаған орта-мині, АШМ	2007 жылдың қаңтары	2005 - 43,9 2006 - 43,9 2007 - 43,9	Халықаралық грант-тар
<b>2. Табиғи ресурстарды сақтаудың және шөлейттенуге қарсы күрестің әлеуметтік-экономикалық аспектілерін әзірлеу</b>						
2.1.	Шөлейттену мен кедейліктің экономикалық, саяси және демографиялық факторларын зерттеу; жергілікті деңгейде тұрақты дамудың тетіктерін әзірлеу	Қазақстан Республикасы Үкіметіне ақпарат	Қоршаған орта-мині	ақпан, жыл сайын	2006 - 1 2007 - 1  2006 - 25 2007 - 25	Республикалық бюджет  Халықаралық грант-тар
2.2.	Қазақстанның шөлейт аудандарында фермерлік шаруашылықтарын жүргізудің оазистік жүйесін құру	Қоршаған орта-миніне ақпарат	Қоршаған орта-мині, АШМ, БҒМ	қаңтар, жыл сайын	2006 - 1 2007 - 1  2006 - 90 2007 - 90	Республикалық бюджет  Халықаралық грант-тар
2.3.	Арал өңірлерінің елді мекендеріндегі шаң-тұздың көтерілу процестерінің алдын алу	Қазақстан Республикасы Үкіметіне ақпарат	Қоршаған орта-мині	2007 жылдың ақпаны	2005 - 4,5 2006 - 4,5 2007 - 4,5	Халықаралық грант-тар
2.4.	Үкіметтік емес ұйымдар үшін (RIOD-Қазақстан желісі) шөлейттенуге қарсы күрес жөніндегі шағын гранттар бағдарламасын іске асыру	Қазақстан Республикасы Үкіметіне ақпарат	Қоршаған орта-мині	2007 жылдың ақпаны	2006 - 8,1 2007 - 8,1	Халықаралық грант-тар
<b>3. Ғылыми және ақпараттық қолдау,</b>						

шөлейттенуге қарсы күресті насихаттау						
3.1.	Тұрақты жер пайдалану үшін қоршаған орта туралы ақпарат басқару және мониторинг жүйесін құру	Қоршаған орта-миніне ақпарат	Қоршаған орта-мині, ЖРБА, АШМ	2006 жылдың қаңтары	2005 - 4,075 2006 - 4,075	Халықаралық гранттар
3.2.	Арал өңіріндегі тұрғындардың денсаулық жағдайына шөлейттену процестерінің әсерін бағалау	Қазақстан Республикасы Үкіметіне ақпарат	Қоршаған орта-мині	2007 жылдың ақпаны	2006 - 8,1 2007 - 8,1	Халықаралық гранттар
3.3.	Өзен экожүйелерінің атырау және жайылма учаскелерінің жұтау және шөлейттену процестерінің жай-күйіне талдау және зерттеу жүргізу	Қоршаған орта-миніне ақпарат	Қоршаған орта-мині, АШМ, БҒМ	2006 жылдың қаңтары	2006 - 7	Халықаралық гранттар
3.4.	Халықты экологиялық таза өніммен қамтамасыз ету үшін ауыл шаруашылығын тұрақты жүргізудің ғылыми әдістерін әзірлеу және шөлейттену процестерінің алдын алу	Қоршаған орта-миніне ақпарат	Қоршаған орта-мині, АШМ	қаңтар, жыл сайын	2006 - 1 2007 - 1 2006 - 40 2007 - 40	Республикалық бюджет Халықаралық гранттар
3.5.	Ғарыштық ақпаратты пайдалана отырып, шөлейттену мониторингінің тұжырымдамалық негіздерін әзірлеу	Қоршаған орта-миніне ақпарат	Қоршаған орта-мині, БҒМ	қаңтар, жыл сайын	2006 - 2 2007 - 2	Республикалық бюджет
3.6.	Ұлттық деңгейде шөлейттенуге қарсы күрестің аспектілері бойынша халықты ақпараттандырудың ұзақ мерзімді компаниясын жүргізу	Қоршаған орта-миніне ақпарат	Қоршаған орта-мині, БҒМ	қаңтар, жыл сайын, 2006 жылдан бастап	2006 - 15	Халықаралық гранттар
	Солтүстік Қазақстан үшін атмосфералық					



3.7.	және топырақ құрғақшылығының мониторинг жүйесін әзірлеу және дәнді-дақылдарды өсірудің табиғи қатері	Қоршаған орта-миніне ақпарат	Қоршаған орта-мині, АШМ	2007 жылдың қаңтары	2005 - 8,9 2006 - 8,9 2007 - 8,9	Халықаралық гранттар
<b>4. Шөлейттенуге қарсы күрес мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастық және аралас конвенцияларды шоғырландыру</b>						
4.1.	Траншекаралық экожүйелерді сақтауға бағытталған мемлекетаралық іс-шараларды әзірлеу және іске асыру	Қазақстан Республикасы Үкіметіне ақпарат	Қоршаған орта-мині	2006 жылдың ақпаны	2006 - 7,5	Халықаралық гранттар
4.2.	Шөлейттенуге қарсы күрес жөніндегі орталықты құру	Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының жобасы	Қоршаған орта-мині	2005 жылдың ақпаны	2005 - 1,5	Халықаралық гранттар
<b>5. Жергілікті мемлекеттік органдардың, жер пайдаланушылардың, шаруашылық жүргізуші субъектілердің және үкіметтік емес ұйымдардың қызметін үйлестіру</b>						
5.1.	Шөлейттенуге қарсы күрес жөніндегі конвенцияның мақсаты мен рөлі, Бағдарламаның міндеттері бойынша халықты ақпараттандыруды жүргізу	Қазақстан Республикасы Үкіметіне ақпарат	Қоршаған орта-мині	ақпан, жыл сайын, 2006 жылдан бастап	Талап етілмейді	
	Жергілікті мемлекеттік органдардың, үкіметтік емес ұйымдардың, табиғат пайдала-	Қазақстан				

5.2.	нушылардың және жұртшылықтың қатысуымен қоғамдық акцияларды, шөлейттенуге қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу	Республикасы Үкіметіне ақпарат	Қоршаған ортамині	ақпан, жыл сайын, 2006 жылдан бастап	Талап етілмейді	
5.3.	Шөлейттенуге қарсы күрес жөніндегі конвенция тараптары елдерінің үкіметтік емес ұйымдарымен отандық үкіметтік емес ұйымдардың өзара байланысын белгілеуге жәрдемдесу	Қазақстан Республикасы Үкіметіне ақпарат	Қоршаған ортамині	2006 жылдың ақпаны	Талап етілмейді	
5.4.	Шөлейттену процестері туралы ақпарат жинауды жүргізу	Қазақстан Республикасы Үкіметіне ақпарат	Қоршаған ортамині	ақпан, жыл сайын, 2006 жылдан бастап	Талап етілмейді	
5.5.	Қазақстан Республикасындағы Шөлейттенуге қарсы күрес жөніндегі бағдарламаның екінші кезеңін іске асыру бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеу	Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының жобасы	Қоршаған ортамині, мүдделі мемлекеттік органдар	2008 жылдың ақпаны	Талап етілмейді	
БАРЛЫҒЫ					3135,85, оның ішінде: республикалық бюджеттен - 122,2: 2005 - 34,31 2006 - 40,73* 2007 - 47,16* халықаралық гранттар - 3013,65: 2005 - 826,675 2006 - 1133,975* 2007 - 1053*	

Е с к е р т у :

\* - барлық көздер бойынша қаржыландыру көлемдері тиісті жылға бюджетті қалыптастыру кезінде нақтыланатын болады.

Т о л ы қ

ж а з ы л у ы :

Қоршағанортамині - Қазақстан Республикасы Қоршаған орта министрлігі;  
АШМ - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі;  
БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі;  
ЖРБА - Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару жөніндегі  
агенттігі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК